служение в противоположность эгоцентрическим тенденциям; отстраненность, потребность в уединении; автономность, независимость от культуры и среды, воля и активность; способность радоваться жизни; целостная (интегри-

рованная) система ценностей.

У такой личности взаимоотношения с реальностью детерминируются изнутри, у нее есть собственные ценности, и все ее время уходит на личностный рост и саморазвитие, что исключает возникновение зависимостей и других видов аутодеструктивного поведения.

Таким образом, для успешной профилактики аутодеструктивного поведения необходимы долгосрочные программы психологического сопровождения, направленные на сохранение психологического здоровья подростков, их личностное развитие, профессиональное самоопределение, развитие интереса и способности к самопознанию и самоанализу. Можно отметить, что в настоящее время в отношении психологической профилактики аутодеструктивного поведения отмечается тенденция к переходу от единичных тематических мероприятий к комплексным программам, включающим развитие личностного потенциала подростка. В современном обществе отмечаются подростковая преступность, жестокость и агрессивность, неопределенность и тревожность за будущее, безнадзорность, ухудшение здоровья детей и подростков. Коррекция аутодеструктивного поведения и психологическая помощь являются важнейшими задачами в системе реабилитации подростков в условиях образовательного учреждения.

Аутодеструктивное поведение подростков – это проявление искажения процесса социализации подростков в виде системы поступков, противоречащих социальным нормам. Рассматриваемое поведение можно охарактеризовать как стойко повторяющееся (многократное или длительное). Таким образом, для констатации аутодеструктивного поведения необходимо установить факт повторяющихся действий. Аутодеструкция не возникает вдруг, она формируется в течение определенного времени, часто в скрытом для окружающих виде, переходя от менее аутодеструктивных действий к более опасным и разрушительным.

Аутодеструкция – это аномальное состояние личности, выражающееся в стремлении индивида к саморазрушению вследствие искажения его социализации. Она находит свое выражение в наркомании, токсикомании, алкоголизме, попытках самоповреждения, суициде, пропусках школьных занятий, бессодержательном времяпрепровождении.

Негативные социальные условия и дезадаптивные конституционно-биологические особенности человека повышают вероятность формирования аутодеструкции. Однако аутодеструктивное поведение конкретного индивида зависит, прежде всего, от психологических особенностей субъектов социального взаимодействия. Об этом говорят следующие факты:

1) в одной и той же социальной среде люди демонстрируют совершенно разное поведение;

2) аутодеструктивное поведение формируется не только в условиях девиантной субкультуры, но сплошь и рядом – в обычных социальных условиях;

3) в одной и той же семье дети ведут себя по-разному;

4) у людей с идентичными нервно-психическими расстройствами в одних случаях имеет место аутодеструктивное поведение, в других – нет.

Социальные и биологические теории не могут объяснить перечисленные

противоречия, поскольку действительными причинами аутодеструкции выступают личностные особенности и психологические механизмы аутодеструктивного поведения.

Занятия проводимые психологом в ключе предлагаемых технологий помогут аутодеструктивным подросткам адаптироваться в социуме, гармонизировать отношения с самим собой, сверстниками, взрослыми.

И здесь главное – это желание специалиста работать с детьми!

Используемая литература:

1. Амбрумова А.Г. Психология самоубийства //Социальная и клиническая психиатрия, 1996. - №4. – С. 14-20.
2. Личко, А.Е. Особенности саморазрушающего поведения при разных типах акцентуации характера у подростков Текст. / Е. Личко // Саморазрушающее поведение у подростков. – Л.: ВНИИ им. В.М. Бехтерева, 1991. – С. 9-15.
3. Карвасарский Б.Д. Психотерапия: Учебник /Под ред. Б.Д. Карвасарского, - 2-е. изд., перераб. и доп. – СПб.: Питер, 2002. – 672 с.
4. Змановская Е. В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - 2-е изд., испр. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. - 288 с.
5. Эльконин Д.Б. Психология развития: Учеб. пособие для студ. вузов.- М., 2001 – 624 с.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың заманауи әдістері

Ж. РАХМЕТЖАНОВА

Аңдатпа. Мақалада кәсіптік және техникалық білім берудің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы студенттеріне қазіргі уақыттағы балалардың сөйлеу тілінің кеш шығып, түсініксіз болуы, отбасындағы екі тілде сөйлеуі баланың сөйлеу тілінің бұрмалануы мен психикасына да әсер ететіндігін ескере отырып, ерте жастан бастап баланың сөйлеу тілін түзетудің ұтымды жақтарын қарастырады. Бүгінгі техникалық мүмкіндіктер дамыған заманда мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері мен ата-аналарына түрлі платформалар арқылы балалардың сөйлеу дағдысын дамытудың заманауи жолдарын көрсетеді.

Аннотация. В статье рассматриваются рациональные стороны коррекции речи ребенка с раннего возраста с учетом того, что для студентов специальности «Дошкольное воспитание и обучение» профессионального и технического образования в настоящее время речь детей имеет поздний

характер и нечеткость, двуязычие в семье также влияет на искажение речи и психику ребенка. Современные технические возможности показывают воспитателям и родителям дошкольных организаций современные пути развития речевых навыков детей через различные платформы.

Қазіргі уақытта балалардың сөйлеуін дамыту мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту мәселелерін сәтті шешудегі шешуші сәт-бұл балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін педагогикалық технологияларды дұрыс таңдау, сонымен қатар балалармен жұмыс істеудің әртүрлі формаларында сөйлеу мәселелерін оңай шешуге мүмкіндік береді. Білім беру іс-әрекетінде балалардың сөйлеуін дамытуды ұйымдастыру балалардың сөйлеуін дамытудың тиімді технологияларын іздеуді қарастырады. Педагогикалық технологиялар-бұл қазіргі жағдайда баланың жеке дамуындағы динамикалық өзгерістер арқылы оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқыту әдістерінің, білім беру құралдарының жүйесі. Ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлға ретінде дұрыс дамып келе жатқанын анықтау үшін алдымен оның сөйлеуінің дамуын бағалау керек. Баланың психологиялық дамуына сөйлеу тілінің тигізер әсері мол. Балалардың сөйлеу тілін дамыту, қолайлы жағдайлар тудыру – педагогикалық міндеттердің бірі. Баланың сөйлеуін дамытуда кәсіби шеберлікті меңгерту үшін болашақ мамандарға:

- заманауи және баланың сөйлеу тілін дамытуға көмектесетін практикаға негізделген әдістерді қолдануға баулу;
- осы әдістерді жүзеге асыруда мектепке дейінгі білім беруді дамыту моделінің нормаларын сақтай отырып, коммуникативті-белсенділік, тұлғаға бағытталған тәсілдерін ұсыну болып табылады.

Балалардың сөйлеу тілін дамыту барлық балабақша педагогтары мен ата-аналардың сауатты, бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана орын алатын мәселе екендігін ескере отырып, колледж студенттеріне шығармашылық-ізденушілік тапсырмалар арқылы практикалық жолмен түсіндіру.

Зерттеуші ғалым, профессор Х. Досмұхамедов тіл, сөйлеу адам психологиясының басты белгілерінің бірі екендігін айта келіп: «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айрылған жұрт -жойылған жұрт... Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол-күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу бұл -сүйініш» деп жасаған тұжырымы бүгінгі заман талабымен үндесіп жатқанын көреміз. Бала тәрбиесіндегі тіл мәніне ерекше көңіл бөлген ұлы чех педагогі Я.А.Коменский: «Бала тілін мектепке дейінгі сәттен бастап дамытпай, жеке адам тәрбиелей алмаймыз» деп тұжырым жасады.

Ж. Аймауытов білім негіздерінің ана тілі арқылы меңгерілетінін айта келе: «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерге түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы болып, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерек. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы мол халықтың тілі» – деп оның қоғамдық рөлін, адамзат баласы жасаған бар рухани-мәдени байлықты меңге-

рудің басты құралы екендігін, оны жан-жақты және терең меңгерудің қажеттігін баса көрсетеді.

Балалардың сөйлеуін дамыту мәселесі ұзақ уақыт бойы Ресейде және шетелде әртүрлі мамандардың назарын аударды. Әр уақытта бұл мәселені келесі ғалымдар шешті: Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, Д. Тидеман,

Ф. Фребель, М. Монтессори, К.Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесіне үлкен үлес қосты. Ол мектепке дейінгі дайындықтың қажеттілігін дәлелдеді, балаларда пәндер, олардың айналасындағылар туралы білім жинақтау, сенсорлық мәдениетті жетілдіру, білім мен ойлауды дамыту негізінде сөйлеуді дамыту деді.

«Сөз-сөзден туады, сөйлемесе қайдан туады?» демекші, қазіргі уақытта балалардың сөйлеу тілінің көш шығып, түсініксіз болуы белең алуда. Сонымен бірге, отбасында екі тілде сөйлеуде бұл баланың сөйлеу тілін бұрмалап, кешеуілдеп шығуына әсер етуде. Баланың сөйлеу тілі оның психикасына да әсер етеді. Өзінің достарының арасында тұйықталып, аз сөйлеуге тырысады. Қоғамда өзін қолайсыз сезініп шеттетіліп қала береді. Сондықтан да ерте жастан бастап сөйлеу тілін түзету ұтымды болады.

Баламен үнемі сөйлесу керек. Сөйлесудің, сөйлеу арқылы қатынасқа түсудің болмауы баланы шаршатып, мазасыз күйге әкеледі. Бала ашуланшақ болып, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді. Бүгінгі техникалық мүмкіндіктер дамыған заманда білім беру мекемелерінің де, ата-аналардың да балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мүмкіндіктері кеңейді.

Осы мүмкіндіктерді білім беру мекемелерінің де, ата-аналардың да балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында түрлі платформалар арқылы пайдалануларына болады. Атап айтсақ, parakeet.com қосымшасы. Бұл қосымшада мәтінді сөйлеуге шынайы түрлендіруді қолдана отырып, дауысты оңай жасау жолдарын меңгереді. [Parakeet](https://parakeet.com) қосымшасы нақты мәтінді сөйлеуге тегін қолдануға болады. Тіркелудің қажеті жоқ. Дауысты жазуға, қателерді түзетуге және суреттерді дыбыспен синхрондауға мүмкіндіктері бар. Сценарийді жай енгізіп немесе жүктеп салуға болады, [Parakeet 700](https://parakeet.com) дауыстық дыбыстарынан таңдап және бірнеше минут ішінде кәсіби дыбысты немесе бейнені алуға мүмкіндігін қолдануға болады.

Балалардың сөйлеу дағдысының қалыптасуына теледидар, интернет арқылы көрген ертегілері, қойылымдар, ойындар мен түрлі бағдарламалар өз септігін тигізіп жатыр. Бала тілінің дамуы ата-ананың баланы жалғыз теледидар не компьютер алдына отырғызып, ғаламтордан түрлі бағдарламалар мен фильмдерді көруіне жағдай жасаумен емес, керісінше, ертегілерді бірге көріп, не болмаса ертегіні ата-ана өзі оқып беріп, баланың ертегіні түсінгенін, я түсінбегенін байқап, сұрақтарына жауап бергенде ғана нәтижелі болады. Сондықтан әрбір ата-ана өз баласының мүмкіндігін, жас ерекшелігіне тән сөздік қорын жетілдіріп отыруға тырысуы тиіс. Тағы бір қосымшаның түрі [QR](#) кодпен жұмыс жасауға болады. Студенттерге шығармашылық тапсырма [QR-код](#) арқылы «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында халық ертегілерінің композициясын жасауды ұсынар едім.

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың

орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сонымен балалардың сөйлеу тілін дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері артады.

Балалардың сөйлеу тілін дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын баланың физиологиясын дамытып, сонымен қатар тілін дамытуда үлкен рөл атқарады. Ойынның әрбір түрінің өзіндік мақсат-міндеті, бағыты болады. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлу ең негізгі өзекті мәселе болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа сөздерді меңгерту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру педагогтің басты міндеті болып саналады.

WordWall, Active Inspire қосымшаларын пайдалану арқылы ойындар құрастыру.

Балалардың сөйлеу қабілеттері мектеп жасына дейінгі шақта қалыптасады. Балалардың тілін ана тілінде дамытуға халық ауыз әдебиетін пайдалану тиімді. Негізінде адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі балалардың бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Балалардың жан-жақты жетіліп, тілінің дамуына ең алдымен ата-анасы көп көңіл бөлуі тиіс. Балалардың басқа да адамдармен қарым-қатынасының негізі өз отбасында қалыптасады.

Қазіргі кездегі әдебиеттер мәліметтерін қарастырып талдайтын болсақ, екіншілік кемістік ретінде сөйлеу тілінің дамуы тежелген ерте жастағы дамуында ауытқулары бар балалардың саны артып келе жатқандығын көреміз. Әсіресе, тұрақты түрде мектепке дейінгі арнайы мекемелерінде тәрбиеленетін балдырғандар арасында сөйлеу тілінің дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығы анық байқалады.

Сөйлеу тілінің тежелуіне әсер ететін факторлардың бірі баладағы қозғалыстың, ойындардың көп болмауы. Сөйлеу тілінің тежелуі дегеніміз 4 жасқа дейінгі сөйлеу тілі дамуының нормадан қалуы.

Бұл тақырыптың өзектілігі мынада – дамуында ауытқуы бар ерте жаста-

ғы қазақ тілді балаларға арналған педагогикалық түзету, оның ішінде сөйлеу тілін дамыту бойынша жүйесі жасалмаған. Осы балалардың сөйлеу тілін бағытты түрде түзету, олардың жалпы дамуының да бірден бір шарты болып табылады және екіншілік кемістіктердің пайда болуының алдын алады. Сондықтан, психологиялық және дене дамуы тежелген ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға едәуір үлес қосатын жұмыс жүйесін дайындау бүгінгі таңда көкейкесті мәселелер.

Сәбилік кезеңінде сөйлеу тіліне дейінгі дамудың тежелуі байқалады, яғни сөйлеу тілінің нышандарының жас ерекшеліктерінің нормаларына сәйкес келмеген жағдайы. Тежелудің бұл түрін белгілеу баланың психикалық дамуының онтогенезінде сөйлеу тіліне дейінгі кезеңнің болуы туралы тұжырымға негізделеді. Сөйлеу тіліне дейінгі тежелу сөйлеу тілінің барлық немесе кейбір алғышарттарының баяу қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұл кезде сөйлеу тілінің дамуы онтогенездің барлық кезеңдерінен өтеді, бірақ ақырын. Сөйлеу тілінің нышандары жеткіліксіз дамығандығын келесі белгілерден анықтауға болады: бала айқайы мен жылауы әлсіз, бір қалыпты, интонациясы мәнерлі емес, сонымен бірге гуілдеу мен былдырлауы толыққанды емес, сәби өзіне қарап сөйлеген адамдарға қызығушылық танытпайды, олардың сөйлегендеріне еліктемейді, қарым-қатынас орнату үшін дыбыстауды қолданбайды, жалпы айтқанда, коммуникативті тұрғыдан енжарлығымен сипатталады.

Мысалы:

1-«Сиқырлы сандық»

Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.

Шарты: сиқырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру, яғни дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау.

Баланың тілінің мезгілімен дамуына көп көңіл бөлу қажет. Қолдың ұсақ бұлшық еттерінің дамуымен тілдің дамуының байланыстылығы айқын. Саусақ жаттығуларының серпінді орындалуы артикуляциялық мүшелері қозғалуының жетілуін дайындайды. Бірінші баланың қол қимылы дамиды, сосын сөз буындарының артикуляциясы дамиды. Сөйлеу тілінің дамуы саусақтардың жақсы дамуымен, жаттыққандығымен байланысты. Сондықтан да, балалармен саусақ ойындарын өткізуге көңіл бөлу қажет.

Саусақ ойындары мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, сөз қорына жаңа сөздер енгізіп, ойын өрістетіп, баланың тілін ұстартып, жүйелі сөйлей білуге баулиды, тіл байлығын жетілдіру ісіне көмектеседі. Баланың есте сақтау қабілетін және шығармашылық ойын дамытады. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіруге ықпал етеді. Өлең жинақтарының тәрбиелік маңызы бар. Демек, саусақ ойындарын жүргізу арқылы балалардың саусақтарының нәзік қимылдары мен бұлшық еттерінің жетілуімен бірге, олардың сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды болады және баланың жазу шеберлігін меңгеруіне алғашқы дайындығы қалыптаса бастайды.

Баланың ұсақ-қол моторикасын дамытуға бағытталған ойындарын өлең шумақтары арқылы қолдың басы және саусақ қимылымен бірге орындау-

ға болады. Қол және саусақ жаттығуларын жасау, баланың физиологиялық сөйлеу тілінің даму негізін құрайды.

Саусақ жаттығу не үшін керек?

Саусақ жаттығулары – бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәдени мәні бар шығармашылық.

Саусақ жаттығулары – саусақ көмегімен қандай болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын үнемі қайталап жүруі керек.

Жаттығулар арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады.

Саусақ жаттығуларын жасай отырып балалар қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады.

Саусақ қозғалыс-қимылдарына қарап, бала қуанады, шаттанады, есінде сақтайды.

Саусақ жаттығулары ұсақ қол моториканың жетілдіруін қамтамасыз етеді.

№1 Қуырмаш

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Тауықтарға тары шаш!

Бас бармақ,
Балалы үйрек
Ортаң терек,
Шылдыр шүмек
Кішкентай бөбек.

Сен, тұр, қойыңа бар!
Сен, тұр, қозыңа бар!
Сен, тұр, жылқыңа бар!
Сен тұр, сиырыңа бар!

Ал сен үйде қал да,
Қазан түбін жала.
Қытық! Қытық!

№2. Еріншектер

Тық-тақ, тық-тақ,
Тұр орныңнан, бас бармақ,
Балаң үйрек, сен де тұр,
Ортаң терек, сен де тұр,
Шылдыр шүмек, сен де тұр,
Титтей бөбек, қане тұр.

Саусақтарым, ал, жүгір.

(үстел үстінде жасалатын жаттығу. Саусақтар үстел үстінде жатады. Айтылатын сөзге байланысты, саусақтарды кезек-кезек көтеріп, үстел үстінде жүгіреміз).

XXI ғасырдағы жас аналарымыздың бесік жырын жатқа айта алмауы, жас сәбиді бесікке бөлеп ұйықтатқанда кейбір аналардың балаға деген мейірі, махаббаты, ой-арманы, ізгі ниеті бесік жыры арқылы емес, ұялы теле-

фондағы ватсап, инстаграмм т.б. әлеуметтік желілер арқылы берілуі жанды ауыртады. Бесік жырынан гөрі балаға шетел әндерін айтып тыңдатуы, бесік жырымен өспеген ұл-қыздарымыздың қатыгездігі, сана-сезімінің төмендігі. Бесік жыры арқылы алғашқы берілетін тәрбиенің әлсізденуі.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>;
3. Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы, – Алматы, 2019.

Отбасында ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері

А. УБАЕВА

Мақсаты: мектеп пен ата-ана арасында байланысты нығайту. Бала тәрбиесінде, әсіресе ұл баламен қыз бала тәрбиесіндегі ерекшеліктерді ажырату, салауатты өмір салтын ұстануда, бала бойына рухани құндылықтарын сіңіруде отбасы және ата-ана рөлінің маңызды екенін түсіндіру.

Күтілетін нәтиже: мектеп пен ата-ана арасында байланыс нығаяды, ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктерін түсінеді. Бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі маңызды екенін түсінеді.

Міндеттері: ата-аналардың мектеппен, тығыз байланысын арттыру, балаларың, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Қажетті құрал жабдықтар: Үлестірмелі қағаздар, А4 формат, қалам, доп және т.б.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ жауап, тест психологиялық жаттығулар.

Тренинг бағдарламасы:

1. «Музыкалық сәлемдесу» жаттығуы;
2. «Психологиялық жаттығулар» ойыны;
3. «Мақал-мәтелдерді жалғастыр» ойыны;
4. «Қызықты сұрақтар» ойыны;
5. «Көк және қызыл карточкалар» жаттығуы;
6. «Ашулы шар ретінде Сіз не істейсіз?» жаттығуы;
7. «Көп қабатты үйлер» жаттығуы;
8. Кері байланыс: «Тик Ток әдісі».

Тренинг барысы:

«Музыкалық сәлемдесу» жаттығуы. Тренинг қатысушылары музыка әуе-

німен бірге ортаға билеп кіріп келеді. Олар еденге жайылған түрлі түсті қағаздардың үстінде жүріп кіруі керек.

- Сәлеметсізбе, құрметті қонақтар! Бүгінгі іс-шарамыз «Психологиялық жағымды қарым-қатынас – Отбасы тәрбиесінің негізі» тақырыбында болғаны себепті мен де отбасы тәрбиесімен байланысты тақырыпта тренинг жүргізуді жөн деп санадым.

Ең алдымен тренингімізді мен **«Психологиялық жаттығулар»** ойынымен бастағым келеді.

Егер Сіз осы ой-пікірлермен келіссеңіз, белгілі бір қимылдарды орындау керектігі ұсынылады:

- Егер Сіз өзіңізді жақсы ата-ана деп санасаңыз, қолыңызбен шапалақтаңыз;

- Егер Сіздің отбасыңызда баланы жазалаған кезіңізде, ал басқа отбасы мүшелері Сізді бірден қатаңдықпен сөгіп, баланы жұбата бастаса – қолыңызды айқастырыңыз;

- Егер сіз ата-ана тәрбиесінде ең бастысы – ересектердің үлгі-өнегесі деп ойласаңыз, тізеңізді ұрыңыз;

- Егер сіз балаңыздың отбасында балаға ыңғайлы болуы үшін қолыңыздан келгеннің бәрін жасасаңыз – онда өз-өзіңізге көшемет сыйлаңыз;


- Ал енді құрметті қонақтар, барлығыңыз өз орныңызға жайғасып алыңыз.

«Мақал-мәтелдерді жалғастыр» ойыны. Қатысушыларға ұл бала мен қыз бала туралы мақалдар QR-код арқылы беріледі. Олар QR-код арқылы learningapps.org онлайн платформасын ашады. Мұнда ұл баламен қыз бала туралы мақал-мәтелдер жалғасын табу керектігі туралы тапсырма шығады. Қатысушылар мақал-мәтелдердің жалғасын тапқаннан кейін оны оқып шығады (Қосымша 1).



«Топтастыру стратегиясы». Қатысушыларға «Топтастыру стратегиясы» бойынша ұл балаға және қыз балаға тән қасиеттерді жазу керектігі айтылады.

Психологиялық ақпарат: Қатысушыларға ұл мен қыз балалар арасындағы айырмашылықтар сипаттап түсіндіріледі. Бұл айырмашылықтар туралы қатысушылармен әңгіме жүргізіледі. (Қосымша 2).



«Қызықты сұрақтар» ойыны. Ұл және қыз балаларға сұрақтар беріледі: (Қосымша 3).

- Қыздың көркі не?
- Ұлдарға қандай қылық жараспайды?
- Ұл бала үшін қасиетті борыш деп нені айтар едіңіз?

- Қыздардың қандай мінезі ұнайды?
- Ерлік, батырлық, жомарттық сияқты қасиеттер кімге жара-расады?

- Сипайылық, сабырлылық, жылышырайлықты кімдердің бойында көргіңіз келеді?

<https://wordwall.net/ru/resource/55950372>



«Көк және қызыл карточкалар» жаттығуы.

Қатысушыларға көк және қызғылт түсті карточкалар беріледі. Оларға сұрақтар берілген кезде, сұрақтың жауабы «ұл» болса, көк карточканы, сұрақтың жауабы «қыз» болса, қызғылт карточканы көтереді.

- Балалық шақта кім күшті, дені сау деп есептейсіз: ұлдар немесе қыздар?
- Балалық шақта кім мойынсұнғыш болады, деп ойлайсың: қыздар ма немесе ұлдар?

- Өмір сүретін атмосфераға кімдер сезімтал: ұлдар ма қыздар ма?

- Кім ауруды, азапты қиын өткізеді? Ұлдар ма немесе қыздар?

- Сіздің ойыңызша, кімнің көру жады жақсы дамыған, ал кімнің есту қабілеті жақсы?

- Кім агрессивті? Ұлдар немесе қыздар?

«Ашулы ата-ана ретінде Сіз не істейсіз?» жаттығуы

- Баланың бойындағы агрессияны азайтудың тиімді жолдары қандай екенін білесіз бе?

- Балаңыз қымбат, керекті затты сындырып қойды. Ашулы ана ретінде Сіздің реакцияңыз?

- Ашу үстінде біз байқамай ауыр сөздерді айтып қаламыз. Балаларымыз оны тез қабылдайды. Егер баламызға ауыр сөздерді айтып ашуымызды шығарсақ:

1. Ана мен баланың арасында сенімділік үзіледі;
2. Қолдау үзіледі;
3. Түсіністік де үзіледі;
4. Бала үйіндегі еркіндіктен де айырылуы мүмкін;
5. Тек ананың балаға деген махабаты ешқашан үзілмейді.

Қандай жағдай болса да ата-анаға ең бірінші сабырлылық қажет. Балаға ұрысудан бұрын оны түсінуге тырысу қажет.

«Көңілді шар» жаттығуы.

Келесі ойын «Көңілді шар» деп аталады. Ол үшін Сіздер тығыз шеңбер құрып, шарды ауада көбірек уақыт бойы қалқытып ұстауларың қажет. Түрлі әдістерді қолдануға болады – үрлеу, баспен тигізу, аяқпен тебу, бірақ ең бастысы – қолмен тигізбеу. Бұл ойын Сіздер мен біздер біздің ортақ мәселемізді, яғни «балаға дұрыс тәрбие беру» мәселесін қалай бірлесіп шешетіндігімізге бағытталған.

Ойын барысында қандай сезімде болдыңыздар? Шарды ауада ұстап тұру қиын болды ма?

Ата-аналар қалауы бойынша өз әсерлерін айтады.

5. «Көп қабатты үйлер» жаттығуы.

Енді барлығыңыз өздеріңіздің өмірлік тәжірибеңізге үңіліп қарап көріңіз. Көз алдыңызға елестетіңіз, Сіз үлкен, заманауи супермаркеттің қасындасыз. Бұл супермаркет үш қабаттан тұрады. Олар:

- Бірінші қабатта арзан, сапасы төмен заттар сатылады;
- Екінші қабатта орташа сападағы, орташа бағадағы заттар сатылады;
- Ал үшінші қабатта жоғары сападағы, ең жақсы тауарлар сатылады.
- Сіз қай этаждағы заттарды сатып алғыңыз келеді?

Талқылау: Біз бала өмірге келген кезде «үшінші қабатқа» сай ақылды болғанын қалаймыз. Бәлкім біз осылайша орындалмаған армандарымыз баламыздың өмірінде жүзеге асқанын қалаймыз. Өкінішке орай, өмірде олай бола бермейді.

Әрбір бала бір дүние. Әр балада бірінші, екінші, үшінші қабаттағы сапалар кездеседі. Оларда Сізге ұнайтын немесе өзгерткіңіз келетін қандай да бір қасиеттер кездеседі. Біздің міндетіміз бала қалай болса, осылайша қабылдауымыз керек.

Кері байланыс: «Тик Ток әдісі»

- Құрметті әріптестер, бүгінгі тренингімізден алған ақпараттарыңыз, мәліметтеріңіз және әсерлеріңізді «Тик Ток» әдісі арқылы ортаға салсаңыз.

- Егер Сізге бүгінгі тренинг ұнаған болса, стикерді «Ұнады» бөлігіне жабыстырыңыз.

- Егер бүгінгі тренинг туралы Сізде ой-пікірлер туындаған болса, «Айтарым бар» бөлігіне жабыстырыңыз.

- Егер Сіз бүгінгі тренинг туралы басқаларға айтқыңыз келсе, «Достарыммен бөлісемін» бөлігіне жабыстырыңыз.

- Егер Сіз бүгінгі тренингтен керемет әсер алып, оны есіңізде сақтайтын болсаңыз, «Есіме сақтадым» бөлігіне жабыстырыңыз.

Қорытынды.

«Құпия тапсырма» ойын-әдісі

А. СЫРЛЫБАЕВА

Мақсаты: Сыныптың көңіл-күйін реттеуші шағын топқа, өздері елемей бөліп тастаған, менсінбей төбесінен қарап жүрген оқушылармен қарым-қатынастарын «ғажап» арнаға бұру. Оларға қамқоршы ретінде бір оқушыны бөліп қою. Сауалнама арқылы кім көшбасшы (лидер), қай сыныптасын өте қатты жек көреді, соның жақсы қасиеттерін жинақтауға, жаман қылықтарын түзетуге көмектестіру. Тек қыздар қыздармен, ұлдар ұлдармен жұмыс жасайды.

Ойын ережесі: сыныптағы үлгерімі төмен оқушыға, бір басшы тағайындаймыз. Басшылардың ұялы телефон номерлерін алып (ешкімге байқатпай), әрқайсымен жеке байланысқа шығамыз!

Мысалы: Сәлем, Айнұр! Мен Айна апайыңмын ғой! Сенімен құпия әңгіме бар еді... Екеуіміз сөйлесе аламыз ба? Менің байқауымша, сен сыныптағы ең озат, әрі ықпалды оқушының бірісің! Сені біраз зерттедім. Қолыңнан өте көп дүние келеді екен. Өте риза болдым! Дегенмен, саған сыныбыңдағы Айым

еш ұнамайтын секілді. Дұрыс айттым ба? Дұрыс! Не себепті ұнатпайтыныңды айтайын ба? Өйткені, оның жанұясының жағдайы өте төмен, жалғыз анасы ғана бар! Киімдері нашар. Сабағы да нашар. Аздап салақтығы да бар. Мен де сенің жасыңда болсам, ондай қызбен құрбы бола қоймас едім... бәлкім! Бірақ өмір маған ондай оқушыға, айналасынан үлкен көмек пен қолдау қажет екендігін үйретті. Егер сен өзің, оның орнында болсаң қайтер едің? Әдемі киімдерің, күнделікті жұмсайтын ақшаң болмаса, құрбыларың да қоспаса? Оған қоса ұл балалар үнемі мазақтаса? Мұғалімдер тіпті көзге ілмесе... Қандай сезімде болар едің?

1-нұсқа: Айнұр ешқашан ондай болмайтындығын айтып ақталады. (Мұндай жағдайда кез келген адам, кез келген сәтте, өзі ойламаған жағдайға тап болуы мүмкін екендігіне сендіремін. Өйткені бұл – өмір);

2-нұсқа: Айнұр ойланып қалады... Ары қарай не қалайтындығыңызды білгісі келеді. Қандай көмекке де өзір болады;

3-нұсқа: Айымға жаны ашып, ертең сабаққа бара сала кешірім сұрайтындығын, өзінің дұрыс істемегендігін айтып, ыңғайсыздана бастайды. (Бұл өте жақсы көрсеткіш)

Енді одан не талап ететіндігіңізді түсіндіресіз:

1. Күнделікті Айымға хабарласып, оған қандай сабақ қиын екенін, оған нендей көмек бере алатындығын сұрап отырады;

2. Құрбы ретінде көңіліне тимей, әдемі кеңестер бере бастайды. Ешкімге жария қылмай, өзі кимейтін біраз киімдерін берсе де болады. Я болмаса, туыстарынан сұрап, т.т.;

3. Оған батылдықты үйретеді! Сыныпта оған әлдекімдер тиіссе, қорғаштай бастайды;

4. Бірге тамақтануға шақырып, бір бөлішті де бөліп жеуге тырысады;

5. Осындай жағдайда Айым бір айдың ішінде жақсы жаққа өзгере бастайды. Екеуі тіпті бірге отырса да болады.

Күтілетін нәтиже:

Айым секілді оқшауланған, күйзеліске түскен, тұйықталған оқушы сыныпта қалмайды. Сынып түгелімен алдағы емтихандарға екпінді түрде ат салысады. Айнұрдың Айымды жақсылыққа бұрып жүргенін байқаған оқушыларға Айнұрдан үлгі алуға шақырамыз! Айнұрға сынып алдында «Жақсы құрбы – озат өзгертуші» марапатын табыстап, 5 деген қорытынды баға қоямыз.

Жасөспірім шақ психологиясы

Т. ҚЫЗЫЛҒҰЛОВА

Жасөспірімдер психологиясы – жас мөлшері бойынша балалық шақ пен бозбала шақтың аралығынан табылатын 12-15 жастағы, орта буын және жоғары сынып оқушыларының психологиясы.

Жасөспірімдердің физиологиялық ерекшелігі – олардың дене бітімінің қалыптасуында болғандығы. Кейбір айрықша байқалатын анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай бұл кезеңді «*өтпе дәуірдің балалары*» деп те атайды.

Жасөспірімдік кезеңнің негізгі бір ерекшелігі – жыныс мүшелерінің жетілуі. Осыған қоса бала организмнің бұл кезеңдегі жеделдетіле өсуі оқушының жоғары жүйке қызметіне де тиісінше әсер етеді. Мәселен, өздеріне бұрынғыша бала деп қарағандарға оқырына қарайды, тез әсерленгіш, қозғыш, импульсивті келеді.

Жасөспірімдердің аяқ-қолдарының тездетіле өсуі, бұлшық еттерінің қатаюуы олардың дене еңбегіне құмартуларын тудырады, яғни бала жалпы еңбек энтузиазымының әсеріне оңай елігіп, ұжым арасында бар ықыласымен жұмыс істейді. Осы жастағылардан өз шамасын асыра бағалайтын, сондай-ақ әркез үлкендермен парапар әрекеттенуге тырысатын жайттарды жиі байқауға болады.

Жас жағынан алып қарағанда бұлар балалықтан ересектік дәуірге ауысудың аралық кезеңінде тұрады. Жасөспірімдер бұрын санаса бермейтін кішкене бала емес, әйтсе де оның қоғамдағы жағдайына қарап, үлкендер оны әлі де бала санайды. Ал бала болса есейгендігін айтып, өзін жеке адам ретінде көрсетуге тырысады, кейде өзімшілдікке салынып, дерекілік мінез де көрсетіп қояды. Бұлардың «*үлкен кісі*» болып көрінуі кейде қате, жалған жолмен кетуі де мүмкін (мәселен, кейбір осындай балалардың шылым тартуы, үлкендермен қарсыласуы, т.б.).

Оқушы басында туындайтын кейбір көмескі ойлар да (жыныс мүшелерінің жетілуіне орай) бұған қосымша себеп болады.

Олардың ересек болуға ұмтылуын ретті жерде қолдап кейбір балалық эмоцияларын, ар-намыс, абырой, борыш, ұят, жауапкершілік секілді жоғары сезімдерге айналдырып отыру керек. Жасөспірімдердің дербестілікке ұмтылуын да қолдап, мінез бен ерік сапаларының ұнамды бітістерін қалыптастыруға жәрдемдесіп, бұларды құр босқа қиқарлықтан, желөкпеліктен ажыратып отыру қажет.

Әрбір мұғалім, әсіресе сынып жетекшілері жасөспірімдердің жеке ерекшеліктеріне тән бейімділіктеріне қарай оларды түрлі қоғам жұмыстарына тартып, қоғамдық пайдалы еңбекке қызу араластырып отырғаны мақұл. Бұл жастағы

балалардың оқу әрекетін еңбекпен дұрыс ұштастыру арқылы ғана оларды еңбексүйгіштікке, тәртіптілікке, ұжымдыққа, т.б. қасиеттерге тәрбиелеуге болады.

«Жасөспірімдердің тұлға аралық қарым-қатынас орнатуына көмек көрсету»

Жасөспірімдік шақтағы қарым-қатынастың психологиялық сипаты.

Психология ғылымындағы негізгі ұғымдардың біреуі – қарым-қатынас. Қарым-қатынасыз жеке адамды түсіну, оның дамып-жетілуін талдау мүмкін емес. Қарым-қатынас адамның тіршілік әрекетінің маңызды негізі бола отырып, ертеден барлық ғалымдар үшін қызықты тақырыптардың бірі. Біздің назарымызды оқушылардың қарым-қатынасындағы ерекшеліктер толғандырып отыр. Себебі қарым-қатынас болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың бір факторы екені белгілі. Ол оқушылардың топтық іс-әрекеттерін реттеуші және адамгершілік, эстетикалық құндылықтарды, мінез-құлықтың топтық нормаларын қалыптастыру құралы болып табылады. Сондықтан жан-жақтан келіп, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделудегі оқушылардың оқыту-тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыру үшін, олардың қарым-қатынас жасауындағы ерекшеліктерді анықтау өзекті мәселелердің бірі.

Қарым-қатынас айналадағылармен контактқа түсудің рухани қажеттілігі сияқты ілгері басады, сондай-ақ адамдар арасындағы қарым-қатынастың басқа адамдарға қоғамдық маңызын айқын көрсетеді.

Қазіргі таңда оқушылардың коммуникативтік икемділігін, бір-бірімен қатынаста тез әрі шапшаң тіл табысу қабілетін қалыптастыру үшін педагогикалық теория және тәжірибе, диалогтік және пікір таластық әдістемелердің топтамасы қолданылып келеді. Бұндай әдістемелер жастардың қарым-қатынас барысында икемділігін көрсете білуін және өз көзқарастарын дәлелдеп, сұрақтарды нақты жеткізе білу қабілеттерін қалыптастырады. Қарым-қатынастың шынайы тұрғыдан әр түрлі жолдары бар. Шартты түрде қарым-қатынастағы қажеттіліктің негізгі екі формасын беруге болады:

- 1) адамдардың қарым-қатынас іс-әрекетті ұйымдастырудың тәсілі ретінде;
- 2) адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасының қажеттілігін қанағаттандыру ретінде;

Ол жастық аспектке де әр түрлі кезеңдерден өтеді және ол жүйелік тәсіл аймағында да өте қажет. Жастық аспектіні қарастыруда қарым-қатынас қажеттілігінің дамуы әсіресе тәсіл мен «көлем» оның тұлғаны қалыптастыруда қанағаттануы да маңызды. Өзін-өзі ашу, американдық психолог С. Джурардтың ойына сәйкес, бұл басқа адамдарға өзің жайлы мәлімет, ақпарат беру, айту. Ол адамдардың осы өзін-өзі ашудың көмегімен өздерін тануға мүмкіндік беретініне тоқталған.

Өзін-өзі көрсету – бұл өзіңді басқаларға таныту актісі десе де болады.

Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру тренингі

Ж. ХАМЗИНА

Мақсаты: Жеке тұлға ретінде қалыптасуында, өз ашу еріктерін, эмоциясын басқара білуге тәрбиелеу.

«Ең, ең мықты» тренингі.

Нұсқау: сынып оқушылары сыныбындағы ең, ең деген оқушыларды сараптап айтады. Мысалы: 1. Ең тәртібі жақсы оқушы; 2. Ең үлгілі оқушы; 3. Мінезге бай оқушы; 4. Бәрімен жақсы қарым-қатынаста бола білетін оқушы; 5. Өз эмоциясын басқара білетін (Ашуын ақылға жеңдіретін) оқушы.

Талдау: Сені сыныптастарың ортаға шығарғанда, сені таңдағанда қандай сезімде болдың?

Жаттығу «Әдемі қорапша»

Мақсаты: қатысушылардың қызығушылық деңгейін және сенім деңгейін анықтау.

Нұсқау: «Менің қолымдағы қорапшада менің өмірімде ерекше рөл атқаратын, менің өмірім үшін өте маңызды, менің өмірім үшін ең қажет бір зат бар, сіздер оны көргілеріңіз келеді ме?» (Психологтың міндеті – сендіре білу. Оқушылар өз қалаулары бойынша ортаға келіп қарауларына болады)

Талдау: Қалай ойлайсыздар, мен сіздерді сендіре білдім бе?

Немесе сендер сеніп қалғандықтан емес, қызығушылықпен қарадыңыздар ма?

Психолог: оқушыларға адамда әр нәрсеге қызығушылықтың болуы дұрыс, бірақ қызықтырғанның бәріне сене беруге болмайтынына көз жеткізуі керек.

«Үнсіз сурет салу» жаттығуы

Оқушыларды жұппен отырғызып, алдарына таза ақ парақ және маркер беру. **Нұсқау:** «Бастадық» деген бұйрық берілгенде, олар өзара келіспестен маркерді алып, сурет сала бастайды, қандай сурет салады, оны бір біріне айтпайды. Сурет салып біткен соң, талқылау.

- Бірінші қаламды кім ұстады? Неге?
- Қарсыластық болды ма?
- Қаламды бірінші ұстауға не кедергі болды?
- Сурет салуда туындаған қиындықтар?
- Қиындық кімде болды? Бірінші ұстағанда немесе екінші ұстағанда ма?
- Кімге не оңай болды? Бағындыру немесе бағыну ма?
- Кім не салғысы келді? Ойыңдағы суретті сала алдың ба? және т.б. сұрақтар қою арқылы кім басшы, кім бағынушы болғанын және оның себептерін анықтау.

«Менің ресурстарым» жаттығуы.

Әрқайсымызда кез келген жағдайда қиындықтарды жеңуге көмектесетін ресурстарымыз бар. Соларды есімізге алып отыру, әр жаңа ресурстар таба білу өте маңызды.

Төмендегі үлгіні толтырсаңыз:

1. Мен күш-қуатқа толтыратын немесе демалуға мүмкіндік беретін үш іс немесе зат 1.....

2. Маған қолдау көрсете алатын адамдар:.....

3. Менің мақтаныштарым

4. Өзіңізді мақтап қойыңыз!

«Ашулы шарлар» жаттығуы.

Шарты: 8-10 қатысушыны ортаға шығарып шарларды үрлеп, оларды байлау сұралады.

Қатысушыларға түсіндіру керек, шарлар адамның денесін бйнелейтінін, ал оның ішіндегі ауа – адам сезімі. Қатысушылар қолдарындағы шарды аяқтарымен жаруы керек.

- Шарды жарғанда қандай сезімде болдыңдар? Ашуды осылай шығару дұрыс жол ма? Ондай ашудан кейін қандай сезімде боласыңдар?

- Бұлай қатты жарылған шар агрессияны білдіреді. Ол қауіпті.

- Енді қатысушылар келесі шарларды үрлейді, оны байламай ұстап тұрады. Бұл шарлар ашу толы сезімді білдіреді, ал енді жайлап қана жарты ауасын шығарайық. Шар кішірейді. Бірақ жарылмады. Бұл нені білдіреді? Егер біз ашуымызды бақылап шағарсақ, ол ешкімге зақым келтірмейді.

- Енді қатысушылар шардағы ауаны толығымен сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз ашудың қауіпсіз жолын табу – ол әр адамның өз қолында екендігін тұжырымдау.

Қорқыныш сезімі жайында психологиялық тренинг

Ш. АЛИБАЕВА

Мақсаты: оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойларындағы қорқыныш сезімдерімен жұмыс жасау.

Көрнекіліктер: буфер, түрлі-түсті қаламдар, фломастерлер, қағаздар, т.б.

Мазмұны:

1. Миға шабуыл;

2. Шағын дәріс «Қорқыныш»;

3. Жаттығу «Мен неден қорқамын?»;

4. Жаттығу «Қорқынышыңның суретін сал»;

5. Сергіту «Бүрге»;

6. Тренинг «Шыңырау».

I. Ұйымдастыру бөлімі.

1. **Миға шабуыл.** «Қорқу – бақыттан бас тарту». Иоганн Вольфганг Гете сөзін талдау. Сұрақтар:

- Қорқыныш дегенді қалай түсінесіз?

- Қорқыныш бойда қалай байқалады?
- Қорқынышты төмендету үшін қандай жаттығулар жасауға болады?
- Қорқыныш туралы жалпы ойыңыз қандай?

II. Негізгі бөлім.

1. Шағын дәріс «Қорқыныш»

Қорқыныш – адам бойындағы алдын-ала болатын іс-әрекетке даярлау сезімі болып табылады. Қорқыныш жас таңдамайды, кез келген жаста кездеседі. Қорқыныштың өмірде жиі кездесетін 6 түрі бар:

1. Денсаулықтан айырылып қалу;
2. Махаббаты тастап кету;
3. Ақшасыз қалу;
4. Кәріліктен;
5. Өлімнен;
6. Бос еркіндіктен.

Сізде осының қайсысы басым? «Ата-ана сенімінен шықпай қалу?», «Атыңа жаман сөз келтіру» т.б. қорқу түріне жатады. Сондықтан оның адам бойында бар екенін қабылдау, оны бақылауда ұстау, оны қалай төмендетуге болады деген сұрақтарға бірге жауап іздейтін боламыз. Қорқыныш кезінде ағза қандай күйде болатынын еске түсірейік (алақан терлеу, тамақ құрғау, аяқ-қол дірілдеу, іш ауру, санада еш сөз қалмау, т.б.)

2. Жаттығу «Мен неден қорқамын».

Нұсқау: Сіздің жазғаныңызды ешкім оқымайды, іштей айта алмай жүрген ой болса қағазға түсірейік. Сонда оны төмендету жолын қарастыруға мүмкіндік болады. Асықпай, шынайы болып, толық жазыңыздар. Жазып болсаңыздар, бүктеп жүрекке қоямыз. Тағыда іштей бір қайталап шығамыз. Мен өмірде неден қорқамын? Еске түсіріп сол сезімде болайық. Ал сол жазған нәрсе болды делік, сонда не болмақ? Біз неден қашсақ, не болмақ? Қашпайық, қорқынышты қабыл алайық. Енді ары қарай не болмақ?

3. Жаттығу «Қорқынышыңның суретін сал».

Нұсқау: оқушыларға бойларындағы қорқыныштың суретін салып, ат қою ұсынылады. Олар өз кезегінде суреті жайлы әңгімелейді. Талқылау жүреді. Одан кейін қорқыныштан құтылудың бірнеше түрі ұсынылады.

- Суретті (қорқынышты) майдалап жырту, мыжу, т.с.с.
- Суретті қосымша аяқтау арқылы оны күлкілі суретке айналдыру;
- Өзіне ұнайтындай мейірімді етіп безендіру;
- Суретті жүрек тұсынан аяққа дейін түсіріп, аяқпен таптау.

Талдау: Суретте не бейнеленген? Ол туралы толық айтып берсеңіз? Сурет салу кезінде қандай сезімде болдыңыз? Қорқынышты төмендетуде қандай тәсіл таңдадыңыз? Қазір қандай күйдесіз? Бойдағы қорқынышыңызға көзқарасыңыз, қатынасыңыз өзгерді ме?

4. Сергіту «Бүрге»

Нұсқау: Оқушылар шеңбер болып тұрады. Шеңберге екі қалам беріледі «бүрге». Қаламды шеңбер бойынша келесі адамға немесе кері береді. Берілген қаламды алмай қоюға болмайды. Екі қалам бір мезетте бір адамның қолына түсер болса, «бүргенің шаққаны» болады, яғни ойыннан шығады. Ойын көңілді, аздап қорқынышты (кез келген адамды «бүрге шағуы» мүмкін)

III. Қорытынды бөлім.

Тренинг «Шыңырау»

Нұсқау: Оқушылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтарын тіреп тұрады. Ұзын сызық сызылады. Ретімен оқушылар шыңыраудан құламау үшін аяқтардың арасынан өтуі керек. Бәрі өтіп болғаннан кейін талдау жасалады.

Оқушыларымызға жағымды көңіл-күй сыйлау тренингі

С. КУРМАНГАЛИЕВА

Мақсаты: Оқушыларымызға жағымды көңіл-күй сыйлау. Қарым-қарым қатынастарын нығайту, ұжымшылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: ақ бет, маркерлер, шар, стакан

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме, балалар қош келіпсіздер! Олай болса, бүгінгі күнімізді көңіл-күйімізді көтеруге арнайық. Адамның қарым-қатынасы оның көңіл-күйіне байланысты. Көңіл-күй-адамның ішкі дүниесінің құбылысы, көңіл-күй адамның айнасы. Ендеше қарым-қатынасқа түсу үшін шеңбер жасайық. «Бір күнгі танысына, қырық күн сәлем» дегендей бір-бірімізге күлімсіреп амандасайық.

«Ыстық картоп» ойыны.

Мақсаты: Қатысушылардың көңіл-күйін көтеру.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Алдын-ала дайындалған сұрақтар қағазға жазылып, дөңгелек пішінді умаждап, ыстық картоп дайындаймыз. Қарқынды әуен қосылады да, қатысушылар ыстық картопты шеңбер бойымен жылдам бір-біріне бере бастайды. Әуен тоқтаған кезде ыстық картоп кімнің қолында болады сол адам тез қағазды ашып, жазылған сұраққа жылдам жауап беру керек. Сұрақтар: бүгінгі көңіл-күйіңіз? Сіздің сүйікті тамағыңыз? Спорттың қай түрін ұнатасыз? Қандай киім үлгісін ұнатасыз? Жылдың қай мезгілі ұнайды? Кактус гүліне ұқсайтын жәндік? Сүйікті әніңіз?

«Көңілді шар» тренинг

Шарды ауызымен үріп стакандарды жинайды. Достық қалыпты, достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында өз бойларындағы ерекше қасиеттерді айтады. Бір-бірімізді дұрыс түсіну үшін қандай қасиеттерін бойымыздан табылу керек. Келісім, сыйластық, т.б. Керек құралдар: шар, стакан.

«Волейбол» жаттығуы

Екі топқа бөлінеді. Екі топтың қатысушылары матаны екі жағынан ұстап

допты өз нысаналарына салу қажет. Мақсаты: бірлікке, көздеген мақсаттарына жетуге баулу.

«Есіміңді бейнеле» жаттығуы

Шарты: Оқушыларға ақ қағазға түрлі-түсті қаламмен өзіне ұнайтын гүлді салу тапсырылады. Нәтижесінде ұқсас гүлдер жинақталып, барлығы тақтаға ілінеді. Балалар, қандай әдемі сурет шықты? Гүлдері ұқсас адамдар мінезі жөнінде де ұқсас болады. Біз ортамыздың гүлі екенімізді ұмытпауымыз керек. Біз әрқашан қуаныш алып келетінімізді білуіміз керек.

«Сыйлық» жаттығуы

Мақсаты: Жағымды көңіл-орнату. Өзгелерді қуанта білу сезімін қалыптастыру. Топтағы қатысушылардың әрқайсысы бір-біріне сыйлық сыйлайды. Сыйлықты сыйлау былай басталады; «Менің сізге сыйлығым...» Неге сыйлаймын? Не үшін? деген сұрақтарға жауап беріледі. Тренинг рефлексиямен аяқталады.

Қорытынды: Адам денсаулығына жақсы қарым-қатынастың әсері мол. Қасындағы адамдармен, туған-туыспен, достарымен, танысынмен әрдайым жақсы қарым-қатынаста болған, нағыз мейірімділіктің белгісі. Халықта мынадай даналық сөз бар: «Адамдардың саған қалай қарағаның қаласан, басқаларға да солай қара»

Көңіл-күйді көтеруге арналған психологиялық жаттығулар

А. ИМАШЕВА

Мақсаты: қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, өзін құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

Көрнекіліктер: жүрекшелер, шарлар, түлкі, күлкінің суреттері.

Барысы:

«Сәлемдесу» жаттығуы.

Күлім қағып қолымды,

1, 2, 3 деп соғайын.

Қарап тұрған көршіме,

Қолымды мен бұлғайын.

Жылы-жылы жүзбенен,

Маңдайынан сипайын.

Жылы-жылы жүзбенен,

Жүрегімді сыйлаймын.

Ыстық алақанымен,
Қолыңды бер қысайын.
Құшақтасып өзіңмен,
Амандасып алайын.

2. «Түлкі және күлкі» жаттығуы.

Шарға түлкінің, күлкінің суреттері жабысып тұрады. Қатысушылар шеңберге тұрып бір-біріне түлкі, күлкі деген сөздерді айтып, шарды жалғастырады.

3. «Атомдар мен молекулалар» жаттығуы.

Жүргізуші «атомдар» деген кезде ойыншылар жеке-дара жүреді де, «молекулалар, бесеуден» немесе «молекулалар, нешеуден» деген кезде, бес немесе үш адамнан тез арада топтасады.

4. «Кім нені жақсы көреді?» жаттығуы.

Барлығы орындықтарға отырады. Кім, нені жақсы көреді солар орындарынан тұрады. Мысалы: Кім балмұздақты жақсы көреді, сол орынан тұрсын... Кім өзін батырмын деп есептейді? Кім сары түсті жақсы көреді? Кім көп тамақ жегенді жақсы көреді? т.б. сұрақтар қоюға болады.

5. Жүректен жүрекке жаттығуы.

Психологический тренинг- погружение «Все начинается с семьи...»

С.Н. МАНЖЕСОВА

Цель: формирование добрых, позитивных взаимоотношений в семье, профилактика рисков.

Задачи:

- создание в семьях доверительных отношений;
- обучение родителей позитивным способам общения с ребенком;
- выработка навыков сотрудничества с ребенком.

Ход тренинга. Вводная часть.

Звучит легкая музыка. Гости рассказываются по кругу.

Педагог-психолог: Добрый день дорогие гости. Я рада приветствовать вас на нашем тренинге, который посвящен очень важной и близкой для каждого теме – теме семьи, семейным ценностям и взаимоотношениям.

Чтобы наша встреча сегодня прошла продуктивно, от вас потребуется выполнение определенных правил:

Во-первых мы не будем давать друг другу оценок, не будем никого обсуж-

дать. Мы стараемся создать атмосферу безопасности, доверия и открытости.

Сейчас я предлагаю вам пройти тренинг-погружение, тема тренинга звучит следующим образом:

«Все начинается с семьи...»

Семья – самое главное в жизни для каждого человека. Именно в семье мы учимся любить, заботиться и уважать других людей.

Семья – это счастье, любовь и удача,

Семья – это летом поездки на дачу.

Семья – это праздник, семейные даты,

Подарки, покупки, приятные траты.

Рождение детей, первый шаг, первый лепет,

Мечты о хорошем, волнение и трепет.

Семья – это труд, друг о друге забота,

Семья – это много домашней работы.

Семья – это важно!

Семья – это сложно!

Но счастливо жить одному невозможно!

И прежде чем мы начнем наш тренинг я предлагаю выполнить под музыку медитативную технику которая поможет каждому расслабиться, уравновесить эмоциональное и физическое состояние, внутренне настроится на работу.

Думаю, у каждого из вас уже есть свои дети и вам не однократно приходилось сталкиваться с теми или иными проблемами в общении с ними.

Сегодня вы будете вовлечены в тренинг, пропустите всю информацию через себя и надеюсь, что наша встреча поможет каждому взять для себя что-то новое, полезное и возможно пересмотреть свои взгляды на взаимоотношения с детьми.

Упражнение «Связующая нить» (на знакомство и установление контакта)
(С использованием музыкального сопровождения)

Цель: Формирование чувства близости с другими людьми.

Передавая клубок ниток по кругу, каждый участник делает несколько витков нити себе на палец называя свое имя, давая себе характеристику (Какая я?) говоря несколько слов о себе. Сейчас все вы объединены единой нитью, так же как и наши дети связаны с нами незримой связью – невидимой пуповиной и эта связь сопровождает нас на протяжении всей жизни. Далее разматываем нить и каждый называет имя своего ребенка и дает ему характеристику (какой он или каким он хочет видеть своего ребенка?)

Каждому из нас хочется чтобы взаимоотношения с детьми складывались благоприятным образом, но порой мы сами того не замечая начинаем отдаляться от них списывая это на занятость на работе, на усталость, на нехватку времени.

Почему ребенок изменился? Почему связался не с той компанией? В какой момент это случилось? Как смогла проглядеть? Что мы сделали не так? Эти вопросы возникают у родителей, увы, поздно. Чаще именно тогда, когда случается беда. Разбирая ситуации с родителями, оказывается, что родители совсем не знают своих детей, не умеют с ними взаимодействовать, оказываются

не готовы к тому, что ребенок вырос, что у него появилась своя точка зрения и желание быть полноправным членом семьи и общества.

Просмотр видеоролика «Прививка любви»

Потребность в любви – одна из фундаментальных потребностей у ребенка. Она удовлетворяется, когда вы сообщаете ребёнку, что он вам дорог, нужен, важен.

Известный семейный терапевт Вирджиния Сатир рекомендовала обнимать ребёнка несколько раз в день, говоря, что 4 объятия совершенно необходимы каждому просто для выживания, а для хорошего самочувствия нужно не менее 8 объятий в день!

Говорят, что руку ребенка надо держать до тех пор, пока он ее сам не отнимет. Ребенок должен знать, что родители его всегда поймут и примут, что бы с ним ни случилось. Если же он не получает таких знаков, то появляются эмоциональные проблемы, отклонения в поведении, а то и нервно-психические заболевания.

Упражнение «Чистый лист»

У вас на столах находятся чистые листы бумаги А4, возьмите их, пожалуйста.

Представим себе, что это душа ребенка (психолог демонстрирует чистый лист бумаги, постепенно сворачивая его в четыре части).

Когда ребенка не замечают в семье – часть его души отрывается, (оторвем часть бумаги).

Когда ребенка не принимают сверстники – происходит то же самое.

Когда ребенка не понимают учителя – еще кусочек души прочь!

Когда он перестает верить в себя – душа рвется на куски...

Когда он становится никому не нужен... что происходит с его душой?

А что в итоге? (На листе бумаги должны появиться внушающие дыры).

Душа ребенка становится сплошной черной дырой... испытывая чувство краха, безысходности, отчаяния.

А как часто, вы уважаемые родители, задумываетесь над такими вопросами как: какие чувства и переживания, испытывает мой повзрослевший ребенок? Как складываются его отношения с семьей, сверстниками, учителями? Какие проблемы волнуют моего ребенка? Пожалуй, не так часто.

В детстве мы не раз давали себе обещание не повторять ошибок своих родителей, когда вырастем. Кто из нас не раз говорил себе: «Я никогда не буду поступать так с собственным ребенком»? Но когда появляются дети, нам не помогают, ни данные себе когда-то обещания, ни кипы книг по детской психологии и педагогике, ни советы подруг, а уже тем более бабушек... Ошибки в воспитании приводят к тому, что дети становятся скрытными, неуправляемыми и агрессивными. И порой все это может привести к плачевным последствиям, угрожающим жизни.

Здесь я имею ввиду опасность аутодеструктивных мыслей и действий, направленных на самоповреждение.

Анкетирование родителей.

Предлагаю ответить Вам на некоторые вопросы, которые помогут увидеть и отразить картину взаимоотношений с вашим ребенком.

1. Рождение вашего ребенка было желанным?
2. Вы каждый день его целуете, говорите ласковые слова или шутите с ним?
3. Вы с ним каждый вечер разговариваете по душам и обсуждаете прожитый им день?
4. Раз в неделю проводите с ним досуг (кино, концерт, театр, посещение родственников и т.д.)?
5. Вы обсуждаете с ним создававшиеся семейные проблемы, ситуации, планы?
6. Вы обсуждаете с ним его имидж, моду, манеру одеваться?
7. Вы знаете его друзей (чем они занимаются, где живут)?
8. Вы в курсе о его время проведении, хобби, занятиях?
9. Вы в курсе его влюбленности, симпатиях?
10. Вы знаете о его недругах, недоброжелателях, врагах?
11. Вы знаете, какой любимый предмет в школе?
12. Вы знаете кто у него любимый учитель в школе?
13. Вы знаете, какой у него самый нелюбимый учитель и почему?
14. Вы первым идете на примирение, разговор?
15. Вы не оскорбляете и не унижаете своего ребенка?

Если на все вопросы Вы ответили «Да», то значит, вы находитесь на верном родительском пути, держите ситуацию под контролем и сможете в трудную минуту прийти на помощь своему ребенку. А если у вас большинство «Нет», то необходимо немедленно измениться, повернуться лицом к своему ребенку, услышать его, пока не случилась беда!

Нарушения детско-родительских отношений, заботы формируют чувства страха, неуверенности в себе, неверия в свои силы и способности, замкнутости и нелюдимости, уходу в себя, что создает условия к попыткам суицида, психосоматическим расстройствам, побегам детей из дома, росту безнадзорности и увеличению криминализации подростковой среды.

Упражнение «Пластилиновый ребенок»

Цель: осознать ответственность за своего ребенка, свою роль в воспитании.

Родителям предлагается слепить из пластилина маленького человечка – своего ребенка. Необходимо придать ему индивидуальность.

По моей команде человечка родители передают по кругу. Далее работают уже с фигуркой, полученной от соседа, изменяя и дополняя ее по своему усмотрению. И так до тех пор, пока у каждого в руках не окажется свое творение. Во время выполнения звучит спокойная музыка.

Обсуждение – много ли изменений внесли в человечка? Нравится ли Вам то, что Вы получили? Вместе с родителями необходим прийти к выводу, что мы воспитываем ребенка и выпускаем его в мир. Ребёнок попадает под влияние. Это влияние накладывается именно на тот каркас, который слепил родитель.

Упражнение: «Ах, какой ты молодец...»

Цель: формирование родительской самооценки.

Каждому родителю хочется научить своего ребенка чему-то важному, полезному. Чтобы свой ребенок сказал – этому научил меня отец или мать. Передавая мяч по кругу закончите фразу «Я научил своего ребенка....», остальные хлопают в ладоши и говорят фразу «Ах, какой ты молодец!»

Наша встреча показала, какие вы умелые, находчивые, активные и заботливые родители. В любой ситуации находите правильное решение, никогда не теряйтесь и всегда оставайтесь любящими, улыбающимися и терпеливыми.

Упражнение «Аплодисменты».

Мы с вами хорошо поработали. И в завершение, я предлагаю представить на одной ладони улыбку, на другой – радость. А для того, чтобы они встретились, их надо крепко-накрепко соединить в бурные аплодисменты.

Спасибо вам за участие! Любви, здоровья, счастья, взаимопонимания в ваших семьях! Любите и берегите своих родных и близких!

До новых встреч!

Ұстаздарға арналған психологиялық тренинг

М. ИСКАКОВА

Мақсаты: Мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Тренинг құрылымы:

1. Танысу;
2. Әдістеме «Менің мінезім»;
3. «Мен – үйде» және «Мен – жұмыста» жаттығуы;
4. «Тиімді қарым-қатынас орнату» жаттығуы;
5. «Ыстық картоп» жаттығуы;
6. Қорытынды «Күн шуағы» жаттығуы.

Тренинг барысы:

- Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі өткізілетін психологиялық тренингке қош келіпсіздер! Бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Топтағы қағида:

1. Белсенділікті арттыру;
2. Бірігіп жұмыс істеу;
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу;
4. Өз ойыңды ашық айта білуге үйрену;
5. Өзіңе пайдалы нәрсені алу;
6. Әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болу;
7. Өзін еркін ұстауға үйрену.

1. «Таныс болайық!» жаттығуы.

Мақсаты: Өзін таныстыру, ұжымға бейімделу, айналасындағылармен

бірлесіп жұмыс жасауға оң бағытталу.

2. Әдістеме: «Менің мінезім» жаттығуы.

Мақсаты: Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі. Әр бөлікке төмендегі жануар, аң, құс аттарын жазып шығады.

Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Маймыл, Қоян, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық.

Соңында 1. Үйде, 2. Жұмыста, 3. Жолдастарының арасында, 4. Өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады.

Жауабы:

1. Түйе – шыдамды;
2. Жылқы – тектілік;
3. Сиыр – өкпелегіш;
4. Қой – жайдарлылық;
5. Ешкі – ұйымдастырушылық;
6. Ит – адалдық;
7. Мысық – би өрісі басым адамдар;
8. Тауық – шығармашыл;
9. Қаз – тазалық;
10. Аққу – сезімтал;
11. Қарлығаш – бауырмал;
12. Үйрек – ұқыптылық;
13. Бұлбұл – әнді жақсы көретін;
14. Арыстан – қайратты;
15. Қасқыр – жігерлі;
16. Түлкі – бейімделгіш;
17. Маймыл – әртістік қабілеті бар;
18. Қоян – елгезек;
19. Тауешкі – талғамы жоғары;
20. Тасбақа – мейірімді;
21. Жылан – салқынқанды;
22. Балық – еркіндікті қалайды.

Талдау: жаттығудан алған әсеріңіз? Өзіңізді теңеу қиын болды ма?

3. «Мен – үйде» және «Мен – жұмыста» жаттығуы (10 минут)

Қазір сіздер парақты екі бағанға бөліңіздер. Бірінші бағанға «Мен үйде» деп, ал екінші бағанға «Мен жұмыста» деп жазыңыздар. Осы екі бағананы сол жердегі мінез-құлықтарыңыз бен жүріс-тұрыстарыңызды жазыңыздар.

Талқылау:

1. Осы жағдайлардағы мінез-құлықтарыңыз бен жүріс-тұрыстарыңыздың ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы қорытынды жасаңыз.

2. Қай бағананы толтырған оңайға соқты? Қай бағана көптеу болды?

3. Не себепті айырмашылықтар болады?

4. Бұл бағанадағы жағдайлар сәйкес келу керек пе? Неге?

4. «Тиімді қарым-қатынас орнату» жаттығуы.

Ортаға 6 мұғалім шақырамын. Сіздерге тапсырмалар беріледі. Тапсырмаларды үнсіз оқып, вербалдық емес қарым-қатынас құралдарының көмегімен жағдаяттарды ойнап шығуы тиіс. Басқа қатысушылар не жайлы «баяндалып» жатқанын шешулері керек.

5. «Ыстық картоп» ойыны.

Мақсаты: Қатысушылардың көңіл-күйлерін көтеру.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Алдын-ала дайындалған сұрақтар қағазға жазылып, дөңгелек пішінде умаждап, ыстық картоп дайындаймыз. Қарқынды әуен қосылады да, қатысушылар ыстық картопты жылдам бір-біріне береді. Әуен тоқтатылған кезде ыстық картоп кімнің қолында болады сол адам тез қағазды ашып, жазылған сұраққа жылдам жауап беруі тиіс. Сұрақтар:

Бүгінгі көңіл-күйің? Сенің сүйікті тағамың? Сенің хоббиің? Спорттың қай түрін ұнатасың? Қандай киімүлгісін ұнатасың? Жылдың қай мезгілін ұнатасың? Не үшін? Қай түсті ұнатасың? Сүйікті әнің? «А» дыбысынан басталатын бес затты ата?

6. «Күн шуағы» жаттығуы.

Мақсаты: позитивті көңіл-күй орнату.

Барысы: әрбір қатысушының алдын ала дайындалған күннің бейнесі дайындалған. Күннің ішіне және сәулесіне қатысушылар бір біріне өз тілектерін жазады.

Қорытынды: Біздің жаттығуларымыз аяқталуға жақын қалды. Мен сіздердің барлығыңызға қатысқандарыңыз үшін ризамын. Мен сіздермен жұмыс жасағанымға өте қуаныштымын.

Тренингке қатысқандарыңызға рақмет! Сау болыңыздар!

Әлемнің ең керемет туындысы – адам

Н. ИЛИЯСОВА

Адам – ұжымдық жанды организм. Адам бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындау оқыту мен тәрбиелеу, дамыту мен қалыптастыру, бейімделу үрдістерін қатар жүргізгенде және жағымды әлеуметтік ортаның ықпалы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Осы жағдайларды реттеу, қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Әлемнің ең керемет туындысы – адам» тақырыбында психология апталығы жоғары деңгейде өткенін айта кеткім келеді. Апталықта барынша ұжымдағы әріптестерімізді, барлық оқушыларымызды қамтуға әрекет жасадық.

Психолог сағаттары бастауыш сынып оқушыларымен, орта және жоғары сынып оқушыларымен өткізілді. Мысалы ата-аналармен «Өзіңнен мықты ұрпақ тәрбиеле» тақырыбында тренинг өткізілді. Қатысқан ата-аналар кері байланысқа шығып, өз ризашылықтарын білдіріп отырды. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрып, қанат қағар, ошақ қасы, үйі, алтын бесігі

дей тұрсақ та, ата-аналар психологтардың көмегіне сүйеніп, кеңестерін қажет ететінін білгеніміз абзал.

Сонымен қатар жас мамандармен «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында сабақ өткізілді. Қарым-қатынас тірі құбылыс. Кез келген дұрыс қарым-қатынас сөйлеу білуден басталады. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білуден болып табылады. Мәдениетті қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлей, тыңдау, түсінісу, айту пікірлесу, айтысу әрекетіне тікелей қатысты құбылыс. Осы жағдайлардың барлығына тоқтала кетіп талқылап, ойларын ашық білдірген жас мамандарымыз болды. Сондықтан тренингке қатысқан жас мамандарымыз көп рухани азық алғанына сеніміміз мол.

Ал ең есте қалғаны 7 «б» тәжік сынып оқушыларымен өткізілген «Құндылықтарды ұмытпайық» тақырыбындағы тренинг болды. Себебі аудан бойынша аптаның әр сәрсенбі күні ұлттық киім киюді дәстүрге айналдырған мектеппіз. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіліп жатқаны мәлім. Арқан тарту, сұрақ-жауап айда-рын өткізу барлығы оқушыларымыз үшін тәрбиенің бір мәдени бөлігі деп білемін. Оқушылардың қуанғаны, олардың жоғары деңгейдегі көңіл-күйлері, ұлтымыздың салт дәстүрін жетік меңгере білгендері тамаша әсер етті.

Осындай сабақтар жоғары және бастауыш сынып оқушыларымен де өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларымен арт терапиялық жұмыстар, таным үрдістерін дамытатын жаттығулар арқылы өздерінің қабілеттерін аша білді.

Психология апталығына белсенді қатысқан оқушыларға, ата-аналарға, ұстаздарға алғыс білдіре отырып оларға мықты денсаулық, ұзақ өмір, психологиялық саулық пен эмоциялық тұрақтылық тілейміз.

Агрессивті мінез- құлықтың алдын алу

Б. АЙТБАНОВА

Балалардың жоғарғы агрессивтілігі дәрігерлер, педагогтер, мен психологтар үшін ғана емес, сонымен бірге тұтас қоғам үшін негізгі проблемалардың бірі болып отыр. Агрессивтілік латынша «шабуылдау, қауіп тудыру – агрессивті мінез-құлыққа апарар ниет, жағдай. Ал, агрессиялық әрекеттің өзі – баланың өзгелерге залал келтіруге бағытталған мінез-құлық. Агрессивті жағдай ашу, жаулық жеккөрушілік тағы басқа эмоциялар арқылы көрініс табады. Әрекет міндетті түрде өзге адамға залал келтіру, балағаттау, қорлау, төбелесу, ұрып соғу, түрінде көрініс береді.

Көптеген жағымсыз факторлар бала отбасының әлеуметтік тұрмыс жағдайы нашарлауынан; отбасылық тәрбие дағдысынан; мектеп балалардың психикалық жағдайына көңіл аудармауынан; баланың миына зақым келу түрінде салдары болатын патологиялық босану үлесінің артуынан орын алып отыр.

Зорлық-зомбылықты үздіксіз насихаттаумен айналысатын жалпы ақпарат

құралдар да, кино және бейнеиндустрия да өз үлесін қосып отыр.

- Ең алдымен, балалар, агрессиясының себептеріне талдау жасап көрейік.

Біріншіден, бала өсіп келе жатқан отбасының өзі агрессивті мінез-құлыққа бейім болуы және осындай көріністі бала санасында берік орнықтыруы мүмкін.

Екіншіден, балалар агрессияшыл мінез-құлыққа құрдастарымен қарым-қатынасы барысында үйренуі мүмкін.

Үшіншіден, агрессиялыққа үйрететін үлгі шынайы адамдар емес, шығармашылық туындылары да болуы мүмкін. Сондықтан да балаңыздың не көріп, не оқып, қалай ойнайтынына назар аударған артық болмайды.

Агрессиялықтың сыртқы қабығын қарастырып болғаннан кейін, енді оның ішкі себептеріне тоқтала кеткен жөн. Бұл жерде бастысы өте қарапайым ой, егер адамда бәрі жақсы болса, ол агрессивті болмас еді. Яғни, агрессияшылдық – ең алдымен ішкі қолайсыздықтың сыртқы көрінісі. Әдетте агрессивті балаларға жоғарғы мазасыздық, өзін ешкімге керексіз сезіну. Айналадағыларды әділетсіз санау және өзін тең санамау тән болады. Кішкентай «агрессордың» айғай-шу ашу шығару арқылы қарсылық көрсету реакциясы оның айналасындағылардың назарына өз проблемаларына, оны жалғыз өзі жеңе алмайтынына аудару тәсілі болып табылады. Демек, агрессивті балаға көмектескісі келетін ата-анасы ретінде сізге ең бірінші керегі балаға шынайы іш тарту, оны жеке тұлға ретінде қабылдау, оның ішкі әлеміне қызығушылық таныту, сезімі мен мінез-құлық дәлелдеріне түсіністікпен қарау. Баланың жетістіктеріне және оның қиындықты жеңуіндегі табыстарына көбірек көңіл аударыңыз. Қысқасын айтқанда, ұл-немесе қыз балаға өзін-өзі сыйлау дұрыс бағалай білуін қайтару үшін қолдан келгенін барлығын жасау керек. Ата-ана агрессиялық көңіл-күй мен әрекеттердің қайдан шыққанын анықтап, оларды түзетудің дұрыс жолдарын табуы тиіс.

Ата-ана агрессиялық мінез-құлық бар балаларға қалай қарауы керек?

- Мінез-құлықты түсіну. «Иә, осылай болады....», «Сенің жасыңда менде де осындай жағдай болған....»

- Мінез – құлықты ақтау. Балаға жартылай қолдау білдіру: «Сенің орнында басқа біреу болуы да мүмкін еді....», «Мүмкін мен де сөйтер ме едім....»

- Баланың жасағанына өзі ой жіберуі үшін оның заттық және әлеуметтік нәтижесіне талдау жасау:

«Сен, сірә, жасағың келген шығар, ал ол болмай шықты», «Сен оны болып шығады деп ойламаған да шығарсың....»

- Өзін-өзі анықтауы үшін балаға мінез-құлық тәсілін көрсету: «Былай жасағанда ... болар еді», «Мұндай жағдайда кейбіреулер жасайды»

- Бала болған оқиғаның уәждемесі мен себептерін анықтай алу үшін, оны ойлануға шақыру «Сен өзің қалай ойлайсың...», «Бұл енді қалай аяқталады деп ойлайсың....», «Сен туралы басқалар не ойлайды....»

Қолайсыз жағдайдан арылу үшін.

- Қысым жасау – баланың әрекеттері мен қылықтарына қатаң тыйым салу. Сынып жетекшісі өз беделі арқылы агрессия көрінісіне жол бермей, оны тұншықтырып, басымдық жағдайына ауысады.

Агрессия деңгейін қалай азайтуға немесе жоюға болады?

- Спорт секциясы;

- Қызығушылықтары бойынша үйірмелер;
- Балаға деген махаббатты үнемі білдіріп отыру;
- Орындалмайтын уәде бермеуге тырысу;
- Релаксация және тыныс алу жаттығуларын орындау;
- Балаға уақытты аямау, үнемі ақыл-кеңес беріп отыру;
- Әр жұмысына көмектесіп, сенім білдіру;
- Үнемі мейірімді болу;
- Терең тыныс алу және тыныс шығару – ашу, уайым, қорқыныш жағдайын реттеуге өте тиімді нәрсе;

- Алдын алуға арналған сұхбаттар.

Сұхбаттың мақсаты – қажетсіз оқиғаның орнын алуына жол бермеу.

Бала агрессиясын басы үшін мынандай ойларды ұсынамын:

1. Ішіңізден бірден онға дейін сана;
2. Жақсы нәрсе туралы ойла;
3. Достарыңмен бөлісе біл;
4. Өз көңіл-күйіңді суретке түсір;
5. Қызықты кітап оқы;
6. Сүйікті ісіңмен айналыс.

Педагогтердің позитивті ойлау дағдыларын дамыту

Б. МИЗАМИТОВА

Мақсаты: педагогикалық ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсарту, позитивті ойлау дағдыларын дамыту, дау-дамай жағдайларының алдын алу. Кікілжіңді шешу мен жағдаятардан шығу жолдарымен таныстыру.

Тұлғаның өзін-өзі реттеуіне мүмкін болатын қажетті жағдайды туғызуға көмектесу.

Тақырыптың өзектілігі: қазіргі таңда педагогтарда позитивті ойлау дағдылары дұрыс дамымағандықтан әріптестерімен, оқушымен, ата-анамен өзара қарым-қатынаста түрлі қиыншылықтарға, кикілжіңдерге ұшырайды. Осы шеберлік сынып арқылы педагогтердің позитивті ойлау дағдыларын қалыптастыруға болады.

Көрнекіліктер: слайд, смайликтер (кіру билеті), ақ парақтар, қарындаштар, қоржын, «эмоциялар» градуснигі, стикерлер.

Психологиялық ахуал туғызу.

«Көңілді би» жаттығуы

Мақсаты: қатысушылардың ұжымдық ынтымақтастығын арттыру, көңіл-күйлерін көтеру, командалық жұмысқа жұмылдыру.

Құрметті қатысушылар, есікте/тақтада жабыстырылған «көңілді

смайликтерді» сіздерге әдемі көңіл-күй сыйлау мақсатында алуды ұсынамын.

Психологтың кіріспе сөзі:

Позитивті ойлау – еркіндікке, өмірдің жаңа деңгейіне, сәттілік пен жеке өсуге апаратын жол. Әр адам өз болашағының табысты жасаушысы бола алады. Әрбір адамға бақытты болу, жақсы көру және сәттілікке жету үшін бәрі қажет. Біздің болашағымыз – бүгінгі ойлауымыздың нәтижесі. Сондықтан позитивті ойлау тәжірибесі өмірімізді жақсы жаққа өзгерте алатын шындықты қалыптастырудың құралы болып табылады.

1. Ашулану;
2. Дау-дамай;
3. Талас-тартыс;
4. Келіспеушілік;
5. Күйзелу;
6. Түсінбеушілік;
7. Ренжу;
8. Ұрыс-керіс.

Өзара қарым-қатынас пен қайшылық бір мезетте тууына болатын құбылысты кикілжің немесе дау-дамай дейді. Кикілжің – бұл келіспеушілік, яғни басқа адамның пікірімен келіспеген жағдайда пайда болады. Жанжал денсаулыққа кері әсер етеді. Адамдардың көңілін таба білу, дұрыс қарым-қатынас жасау – ең үлкен адамшылық қасиет. Айналадағы адамдарға мейірімді, қамқор және әділ болуың керек.

«Сурет» жаттығуы.

Нұсқау: кіру билеті арқылы бірінші нөмірлі санмен таңдалынып алынған мұғалімдерге ақ парақтар таратылады. Қатысушыларға адамның суретін салу ұсынылады. Қатысушылар бір минуттың ішінде адамның суретін салады. Сурет өнер тұрғысынан бағаланбайды. Қатысушылардан кімнің суретін салғанын сұрап білгеннен кейін, себебі сұралады. Ол суреттер тақтаға ілінеді. Суреттердің неге әртүрлі екенін сұрап білу керек. Сонда мұғалімдер суреттерді әртүрлі адамдардың салғанын айтуы ықтимал.

Қорытынды: сіз мектепке кірер кезде тек қана мектептегі жұмысыңызды ойлауыңыз керек. Сіз қазір мектепте жүргендіктен сіз үшін басты фигура – оқушы. Егер оқушының суретін салған әріптестер болса, ол кісілерге ризашылығымды білдіремін. Бұл әріптестер өзінің ісіне махаббатпен, сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен, құрметпен қарайды деп ойлаймын. Екінші сұрақ бойынша өздеріңіз жауап бергендей әртүрлі адамдардың суреттері деген ол әр оқушының жеке тұлға екенін білдіреді: оның өзіндік мақсаты, жеке табиғаты, тұлғалық ерекшелігі, өзіне тән қабілеттері бар. Сондықтан алдымызға келген баланы ешқандай мініне қарамастан қабылдауға тиістіміз.

«Позитив» қоржыны

Психолог: арнайы қоржынның ішінде жағдаяттық сұрақтар берілген. Осы сұрақтарға кіру билетімен кірген екінші нөмірлі мұғалімдерден жауап беру

сұралады. Қоржыннан шыққан жағдаяттық сұрақтарға екінші нөмірлі педагогтер жауап береді.

«Мінездеме иесін табу» жаттығуы.

Ақ параққа өзіңізге мінездеме толтырасыз мінездеме шынайы жазылуы тиіс. Өзіңіздің жақсы қасиеттеріңіз жетістіктеріңіз туралы, шынайы түрде жағымсыз қасиеттеріңізді нақты жазуларыңыз тиіс. Бірақ, аты жөндеріңізді көрсетпейсіздер. Жұмыс толығымен аяқталғаннан кейін психолог жинап алып, баяндайды. Ал, сіздер мінездеме иесін табуларыңыз қажет.

Бейнеролик көрсету «Шегенің ізі»

Педагогтарға арналған 6 кеңес:

1. Әр педагог өзінің ойлары мен мәлімдемелерін қадағалауы тиіс;
2. Әр педагог кез келген туындаған жанжалды жағдайдан шығу жолында конструктивті мінез-құлық үлгілерін модельдеу;
3. Білім беру үдерісіне қатысушылардың әрқайсысына (оқушыларға, ата-аналарға, мектеп әкімшілігіне) жеке қолдау көрсету, жеке тұлға ретінде қабылдау;
4. Педагогикалық этика ережелерін қатаң сақтау;
5. Мектеп әкімшілігі тарапынан педагогқа айтылған сынды дұрыс қабылдау, қажетті шараларды қабылдау;
6. Әрқашан позитивті көңіл-күйде жүру.

Кикілжің болған жағдайда шешу жолдары:

- 1) Өз-өзінді тоқтата білу;
- 2) Кейінірек сөйлесейік деп ұсыныс жасау;
- 3) Шешім қабылдау;
- 4) Өз қателігін мойындау;
- 5) Кінәлі болсаң, кешірім сұрау.

Кикілжің болған жағдайда әркім өз-өзін ұстап, көңіл-күйін, сезімін басқару керек:

- 1) Көңіл көтеру (әзіл, күлкі);
- 2) Әң, музыка тыңдау;
- 3) Мезгілімен ұйықтау.

Рефлексия:

Қатысушылардан эмоциялар градуснигінің тиісті бөлігіне стикерлерге өз пікірлерін жазып, жабыстыру сұралады.

«Эмоциялар» градуснигі

Градусниктің *төменгі бөлігіне* шеберлік сыныптағы кемшіліктерді стикерге жазып жабыстыру;

Градусниктің *ортаңғы бөлігіне* шеберлік сыныптан үйренерім көп болды, маған ұнады деген әріптестер өз пікірлерін стикерге жазып жабыстыру;

Градусниктің *жоғарғы бөлігіне* шеберлік сыныпты практикалық маңызы зор жұмыс деп бағалаған әріптестер өз пікірлерін стикерге жазып жабыстырады.

Қорытынды.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АЙТБАНОВА Баян – №1 «Өркен» арнайы мектеп интернатының педагог-психологы. Тараз қаласы, Жамбыл облысы.

АЛИБАЕВА Шолпан Рустановна – 125 High school мектебінің педагог-психологы. Тараз қаласы.

АХМЕТОВА Маржан Кубигуловна – доктор психологических наук, профессор Академии «Кайнар» г. Алматы.

ЖАКАТАЕВА Макпал Чайсунуровна – педагог-психолог КГУ «Средняя общеобразовательная школа №4» отдела образования города Семей управления образования области Абай.

ИМАШЕВА Айшагул Утегеновна – Ы. Алтынсарин атындағы ЖОББМ педагог-психологы. Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

ИЛИЯСОВА Нагима Дуйсенбаевна – С. Сейфуллин атындағы №52 ЖББМ педагог-психологы. Ж. Ералиев а/ө, Жетісай ауданы Түркістан облысы.

ИСКАКОВА Майра – №34 негізгі орта мектебінің психологы. Сарыобалы ауылы, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы.

КУРМАНГАЛИЕВА Сая Курмангалиқызы М. Мирманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Жаңақала ауданы, Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ҚЫЗЫЛҒҰЛОВА Толғанай Доктурбайқызы – Қарақия кәсіптік колледжінің педагог-психологы. Құрық ауылы, Қарақия ауданы, Маңғыстау облысы.

МАНЖЕСОВА С.Н. – педагог-психолог Общеобразовательной школы №14 им. М.Б. Сапарбаева с. Карасу. Сайрамский район, Туркестанская область.

МИЗАМИТОВА Бакытгул Масалимовна – «Көктүбек мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ педагог-психологы. Ақсуат ауданы, Абай облысы.

НАСЫРОВА Мадиям Юлдашевна – магистрант 2 курса Школы психологии и журналистики «Q» University (Академия «Кайнар») г. Алматы.

ОЛЖАЕВА Акнур Кайнараровна – «Мектептегі психология – Психология в школе» журналының бас редакторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы, Педагогика және психология мамандығының 2-курс докторанты. Алматы қаласы.

ОМАРХАНОВА Жазира Пишембаевна – магистр МПип-22н Павлодарского государственного университета имени Торайгырова. Г. Павлодар.

РАХМЕТЖАНОВА Жамила Байгожаевна – Жаркент жоғары педагогикалық колледжі, Мектепке дейінгі педагогика және психология пәндерінің оқытушысы. Жаркент қаласы, Жетісу облысы.

СЫРЛЫБАЕВА Айна Байдуллаевна – «Үстірт жалпы білім беретін мектебі» КММ педагог-психологы. Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

УБАЕВА Артуғай – №92 «Аксу» жалпы орта мектебінің педагог-психологы. Сайрам ауданы, Түркістан облысы.

ХАМЗИНА Жұмагүл Қуанышбайқызы – Подстепный ЖОББМ педагог-психологы. Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.